

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**II БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 жыл

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ II**

25 мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX<sup>th</sup> Astana Economic Forum

**PART II**

25 may 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,  
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

Следовательно, вышесказанное нацеливает государственных служащих на достижение новых и лучших результатов в сфере повышения качества, развития государственности и казахстанской демократии, формирования кадрового потенциала адаптированного к новым экономическим условиям.

Таким образом, для повышения эффективности и результативности работы государственных служащих, в качестве основного элемента совершенствования государственного управления и государственной службы, ориентированной на результат, предлагаются следующие рекомендации, обобщенные на основе выводов и передового опыта зарубежных стран:

1. создание общественного контроля над государственной службой (канадский опыт);
2. повышения качества государственных услуг (можно создать специальное государственное учреждение, либо внедрить проект с целью повышения качества государственных услуг (опыт Австралии), государственных услуги должны носить клиенто-ориентированный характер (опыт Южной Кореи);
3. отработать четкую систему повышения квалификации государственных служащих, развить систему дополнительного профессионального образования;
4. принять прогрессивную систему оплаты труда государственных служащих (опыт Канада), повышение оклада и премирование по результатам деятельности (опыт Австралии);
5. введение системы открытых должностей для людей с ограниченными возможностями (опыт Южной Кореи) [5].

Изучение практики повышения качества предоставляемых государственных услуг и внедрение передового зарубежного опыта создадут благоприятные условия для совершенствования государственного управления в Республике Казахстан.

В заключении, хотелось бы отметить, государственная служба является основополагающей частью любого государства, которая направлена на реализацию задач и функций государственной власти.

Четкое соблюдение требований данной концепции позволит эффективно осуществлять функции государства, повышение уровня профессионализма служащих, качественное обслуживанию, что являются важнейшими факторами развития и укрепления государственного управления.

#### **Литература:**

1. <http://meta.kz/novosti/kazakhstan/baymenov.html>
2. Указ Президента Республики Казахстан от 21 июля 2011 года № 119 «Концепция новой модели государственной службы Республики Казахстан».
3. Интернет портал «Национальный центр по управлению персоналом государственной службы» <http://hrm-gov.kz/>
4. Стратегии «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» озвученной в Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана 14 декабря 2012 года
5. Бюллетень научно-исследовательского института Академии государственного управления при Президенте РК. №6 сентябрь, 2013., стр. 11

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУ ТУРА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Сейсинбинова А.А., Бабланов Т.К.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [almira.askarbek@yandex.ru](mailto:almira.askarbek@yandex.ru)

Инвестициялық үдеріс деп ұлттық экономиканың капиталын арттыру бағытында әрекет жасайтын мүшелерінің жан-жақты қызметін айтуға болады. Инвестициялық үдерісті

жүзеге асыру әлеуметтік-экономикалық жүйенің жағдайындағы өзгерістермен байланысты. Басқаша айтқанда, инвестициялық үдеріс – ақша ұсынатындар (уақытша бос ақшасы барлар) мен ақша сұранысын (ақшаға мұқтаждар) анықтайтындардың кездестіру тетігі. Инвестициялық үдерістің негізгі қатысушылары - мемлекет, компаниялар мен жеке тұлғалар, олардың әрқайсысы инвестициялық үдерісте не ұсыныс жағынан, не сұраныс жағынан қатыса алады.

Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің қазіргі таңдағы нысандары ұлттық экономиканың дамуы үшін толық сәйкес келмейді және одан әрі жетілдіруді талап етеді. Бүгінгі таңда, инвестициялық қызметке теріс әсер етуші факторлар қатарына инфляция, әкімшілік кедергілер, заң қолдану барысындағы сайлаушылық тәртіп жтады.


Осыдан инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша негізгі бағыттар шығады. Яғни, сыбайлас жемқорлықпен күресу, әкімшілік кедергілерді жою және заңнаманы жетілдіру.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің статистикалық деректеріне сәйкес 2010 жылдан 2014 жылдың 9 айына дейінгі кезеңге Қазақстан экономикасына \$ 120,8 млрд. жуық жалпы тікелей шетел инвестициялары (ТШИ) тартылды [1].

Соңғы бес жылда әлемдік инвестициялық белсенділіктің төмендеуіне қарамастан, Қазақстан жыл сайын 20 млрд. долл. жалпы ТШИ тартады. Тек 2014 жылдың 9 айына 19,2 млрд. долл. ТШИ тартылды.

Жалпы 2011-2014 жылдарға инвестицияларды тарту бойынша жалпы көрсеткіш жоспарына қол жеткізілді (2014 жылдың 4 тоқсанын есепке алмағанда), жоспарға арақатынас факті 108,4%-ды құрады.

2005 жылы ҚР экономикасына тартылған ТШИ көлемі 7,9 млрд. АҚШ долларын құраса, 2014 жылдың 9 айында бұл көрсеткіш 19,2 млрд. АҚШ долларын құрады. Рекортты көрсеткіш 2012 жылы тіркелді (сурет 1).



Сурет 1. 2005-2014 жж ҚР экономикасына тартылған ТШИ

Қазақстанға тікелей инвестициялардың түсімі 2014 жылы 3,5 млн. АҚШ долл. немесе жоспарлы сандардан 19,9%-ды құрады. Бірақ, егер 2011-2014 жылдары тікелей инвестицияларды тарту бойынша мақсатты индикаторды есепке алса, онда жоспарланған көрсеткіштің 66,4 млн. АҚШ долларынан нақты 84,2 млн. АҚШ долл. немесе 27% артық жоспарлы сандар тартылды [1].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы экономикасының дамуы негізінен инвестицияның көп мөлшерде тартылуына тікелей байланысты. Өйткені еліміз өндірісінің жалпы деңгейі мен оның даму болашағының деңгейі қазіргі өндіріс ауқымынан 10 есеге артық болып табылады. Бұл шамаға жету үшін шетелдік инвестицияларды тартумен қатар, отандық инвестицияның да үлесінің артуын басты орынға қойып, ұлттық инвесторлардың, яғни корпорациялардың инвестициялық саясатын өндірістің өнеркәсіп және өңдеуші саласына тартуына ынталандыруымыз керек.

Шетел капиталын ұлттық экономикаға тарту – өте пайдалы үдеріс. Біріншіден, шетелдік инвестициялар елдің өндірістік базасын жедел жаңартуға және оның өндірістік мүмкіндіктерін арттыруға көмектеседі. Екіншіден, шетел фирмалары жаңа өндіріс орындарын ашумен қатар, капиталистік бәсекелік күресте шындалған еңбек пен өндірісті ұйымдастыру тәжірибиесін ала келеді.

Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары [2]:

- инвестициялық қызметті заңдық-құқықтық реттеу;
- атқарушы билік жүйесіндегі қажетті басқару құрылымын жасау, олар инвестициялық процеске қатысушылардың қызметін реттейді, үйлестіреді, бақылайды;
- инвестициялық ахуалды және оның тиімділігін анықтап, тиісті институттарды қалыптастыру. Бұл арада институттар дегеніміз инвестициялық органы қалыптастыратындардың барлығы. Яғни, ережелер жиынтығы, екіжақты, көпжақты келісімдерді көрсететін шарттар, сондай-ақ инвесторлармен сыртқы органы байланыстыратын ақпараттық база;
- мемлекеттік инвестициялық стратегияны талдап, жасау және оны жүзеге асыру жолдарын қарастыру.

Инвестициялық іс-әрекетті мемлекеттік реттеудің формалары мен әдістері Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы № 373 «Инвестициялар туралы» заңында көрініс тапқан. Заң Қазақстан Республикасындағы инвестицияларға байланысты қатынасты реттейді, инвестицияларды ынталандырудың құқықтық және экономикалық негіздерін айқындайды, Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асырған кезде инвесторлардың құқықтарын қорғауға кепілдік береді, инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың шараларын, инвесторлар қатысатын дауларды шешу тәртібін белгілейді [3].

Елдегі инвестициялық қызметті реттейтін негізгі құқықтық базаға тоқталып кететін болсақ, олар: Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Инвестициялар туралы Қазақстан Республикасының Заңы, Инвестициялық жобаны іске асыруға арналған қызметтің басым түрлерінің тізбесі, Инвестициялық субсидия беру қағидалары, Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы Заңы, Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы Қазақстан Республикасының Заңы, Инвесторлар үшін «бір терезе» қызметін ұйымдастыру туралы қағидалар және т.б.

Елде инвестицияларды сервистік қолдау бағытында біраз жұмыстар жасалып жатыр. Инвестицияларды сервистік қолдауды «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар ұлттық агенттігі» АҚ атқарады. Бұл институт – қазақстандық өңделген экспортты дамыту мен жылжыту және тікелей шетелдік инвестицияларды экономиканың басым секторларына тарту үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау арқылы ұлттық даму институттарының бірі.

Инвесторлардың ақпараттық қамтамасыз етілуіне жасалған тағы бір қадам ретінде ҚР ИЖДМ негізінде құрылған «Инвестициялық жобалар қорын» атауға болады. Мұнда кез келген әлеуетті инвестор инвестициялық жобалардың орындалу жағдайын, оның қай салада және қай аймақта орналасқанын қарауына болады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінде инвестицияның басым жобаларын іске асыратын инвесторлар үшін «бір терезе» қағидасы бойынша Investors Servis Centre сервистік орталығы ашылды.

«Инвестициялар туралы» ҚР Заңына сәйкес инвестор келесідей инвестициялық преференциялар ала алады [3]:

1. Жобаларға (оның ішінде басым инвестициялық жобаларға) арналған артықшылықтар:

- жабдықтарды, олардың қосалқы бөлшектерін, шикізат пен материалдарды шеттен тасымалдау кезінде кедендік баж салығын төлеуден босату;
- белгіленген активтерге салынған инвестиция көлемінің 30 пайызынан аспайтын заттай гранттар (жер телімдері, ғимараттар, құрылыстар, машиналар мен жабдықтар,

есептегіш техника, өлшейтін және реттейтін аспаптар мен құрылғылар, көлік құралдары, өндіріс және шаруашылық мүкәммалы).

2. Басым инвестициялық жобаларға арналған артықшылықтар:

- салықтық жеңілдіктер: корпоративтік табыс салығы – 0% 10 жылға; жер салығы – 0% 10 жылға; мүлік салығы – 0% 8 жылға;

- инвестициялық демеу қаржылар 30%-ға дейін құрылыс-монтаж жұмыстарына және жабдықтарды пайдалануға бергеннен кейін сатып алуға;

- заңнама тұрақтылығының кепілдіктері: салықтық және шетелдік жұмыс күшін тарту саласында;

- Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған, инвесторлармен «бір терезе» қағидаты бойынша өзара іс-әрекет жасайтын уәкілетті органның инвестицияларды мемлекеттік қолдауы;

- уәкілетті орган мен инвестор арасында жасалған инвестициялық келісімшартқа сәйкес мүдделі заңды тұлғалар тарапынан кепілдік берілген тапсырысты қамтамасыз етуде инвесторларға уәкілетті органның жәрдемдесуі.

Басым инвестициялық жобалардың критерийлері: қызметтің басым түрлері тізбесіне сәйкестігі, инвестиция көлемі 2 миллионнан асатын қайта құрылған заңды тұлға. АЕК (АЕК – республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген айлық есептік көрсеткіш).

«Инвестициялар туралы» ҚР Заңымен сондай-ақ Инвестициялық омбудсмен институты көзделген, ол:

- Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметті жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелер жөніндегі инвесторлардың өтініштерін қарайды және оларды шешу үшін ұсыным шығарады, оның ішінде мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекет жасай отырып;

- туындаған мәселелерді соттан тыс және сотқа дейінгі тәртіппен шешуде инвесторларға жәрдем көрсетеді;

- Қазақстан Республикасы Үкіметіне Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлейді және шығарады.

Мемлекет инвесторларға келесідей кепілдіктер береді:

1. Заңнамалардың кепілдікке жауап берілуі шетел инвесторларының халықаралық келісім шарт бойынша 10 жыл ішінде заңнамалар бекітіледі және де инвестиция көздерінің мемлекеттік органдармен қарым-қатынастары ұзартылады.

2. Экспроприация: шетел инвестициясының ұлттандыру саясаты, экспроприация жүйесіне және де дискриминациялық адекватты компенсациясына сай қызмет істейді; нарықтық экономикада компенсация қызметі басты роль атқарады; қаражатты пайдалану барысында ақшаларды төлеу және экспроприация периодына қосылу процесі Қазақстан Республикасының халықтық банкінде есептелінеді.

3. Лауазымды және мемлекеттік органдардың кепілдіктегі заңсыз іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамаларына сай шетел инвесторларының құқықтық жағдайына сай қызмет істеп заңдық күшін жоя алмайды.

4. Шетел инвесторларының өтем алу процесі және кепілдік компенсациясы.

5. Кірістерді пайдалану кепілдігі.

6. Жеке валюталардың пайдалану кепілдігі Валюталық операция Қазақстан Республикасының заңнамаларында соның ішінде 1996 жылы 24 желтоқсан № 54-1 «Валюталық реттеу» заңнамасымен өндіріледі.

7. Шетел инвесторларының қызметтік кепілдігі. Барлық нормативтік актілер, сот үкімдері, шетелдік инвестицияның нәтижесіне байланысты екі жақтың пайдасына шешілуі тиіс.

8. Мемлекеттік тексеріс кепілдігі: бақылауды және тексеруді Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сай мемлекеттік лауазымы бар тұлға және заңды арнайы тұлға істей алады; салықтарды өндіріп алу Қазақстан Республикасының салық кодексінде жазылған заңнамалармен реттеліп отырады.

Қазақстанға келген тікелей шет инвестицияларының (ТШИ) ағымымен байланысты құқықтық құжаттардың жиынтығын зерттегенде олардың жоғарыдағы тізіммен ұқсастығын көреміз. Шетел инвесторлары үшін осы заңдар дұрыс қызмет атқарылуы және ойынның ережелері сақталуы маңызды болып табылады. Қабылданған заңдар құқықтық және экономикалық негізде болу керек. Инфрақұрылым аясының сапалық артта қалуы банктік және инфрақұрылым аясы табылады. Шетел капиталын тарту үшін тұрақты макроэкономикалық және есаяси ортаны құру керек. Бұл жерде ашық сауда саясаты, дұрыс бюджет саясаты және шетел валютасына қатысты либералды саясаты маңызды рөлді атқарады. Сонымен қатар жекешелендіру процесінің рөлін нақты анықтап көрсету керек және шетелдіктердің жекешелендіруге қатысуға байланысты ережелерін құрастыру керек.

Жоғарыда көрсетілген Заңдар мен нормативті-құқықтық актілерге сәйкес Қазақстанда шетелдік капиталды тартудың негізгі мақсаттары:

- өзінің ішкі ресурстардың шектеулілігіне байланысты динамикалық дамуына қажетті инвестициялық ресурстармен экономиканы қамтамасыз ету;
- алдыңғы қатарлы технологияны тарту, өндірісті ұйымдастыру мен басқарудың дамушы формаларын енгізу;
- халықаралық еңбек бөлінісіндегі Қазақстанның үлесін көбейту, әлемдік шаруашылық жүйесіне оның экономикасының қосылуын жеделдету;
- шетелдік инвесторлар мен экономикалық жақтастардың Қазақстан экономикасына деген сенімділіктерін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 19 мамырдағы №24 Жарлығына сәйкес Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше елдердің азаматтары үшін 30 күнге дейін мерзімге визасыз режим енгізіледі. Қазіргі уақытта ЭЫДҰ-ге 34 мемлекет кіреді: Австралия, Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Венгрия, Германия, Греция, Дания, Израиль, Ирландия, Исландия, Испания, Италия, Канада, Люксембург, Мексика, Нидерланд, Жаңа Зеландия, Норвегия, Польша, Португалия, Словакия, Словения, АҚШ, Түркия, Финляндия, Франция, Чехия, Чили, Швейцария, Швеция, Эстония, Оңтүстік Корея, Жапония [4]. Қазақстан экономикасына шетелдік капиталды тартудың мемлекеттік шараларын жасауда позитивті әсер ететіндігін есепке ала отырып, біржақты әдіске сүйенеді. Алайда әлемдік тәжірибе қабылдаушы елдің экономикасына капитал импортының позитивті әсері тек импортер мемлекет белсенді саясат жүргізгенде ғана қол жеткізілетіндігін көрсетіп отыр. Яғни атап айтқанда, шетелдік инвесторларды қадағалаусыз енгізу ел егемендігі мен тәуелсіздігіне қаупін тигізетіндігін ескере отырып, ұлттық шаруашылық және саяси мақсаттарды шешу үшін шетелдік капиталдан түсетін нақты пайданы есептеу саясатын ұстану жөн.

#### Әдебиеттер:

1. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://www.stat.gov.kz/>
2. Государственное регулирование экономики. Учебно-методический комплекс. - Караганда, 2007. – 191 с.
3. “Инвестициялар туралы” Қазақстан Республикасы Заңы 2003 ж. 8 қаңтар
4. Бизнес және саясаттың интернет журналы [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://vlast.kz/>